

**Макулбаева А.А.<sup>1</sup>, Рафаилова Д.Т.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Астана

e-mail: [dilnazrafailova2005@gmail.com](mailto:dilnazrafailova2005@gmail.com)

## ГАЗЕТ, ӘЛДЕ ИНТЕРНЕТ?

### Аннотация.

XXI ғасырдағы бүкілжаһандық өркендеудің ең басты жетістігі – ақпаратқа қол жеткізу арқылы билік ету, сапалы коммуникация орнату, білім мен ғылымға жол ашу. Бұл адамдардың ең әуелі ақпараттық сауаттылықты арттыруға жол ашты, себебі, қазіргі таңда сан алуан ақпараттар кеңістігі халық санасын улауда өз үстемдігін жүргізуде. Осы мақалада біз газет пен интернеттің арасындағы талас-тартыстың оң және кері әсерін анықтап, бүгінгі күнде қоғамға тигізер салдарын және жеткен жетістіктерін ашық көрсетеміз.

**Кілт сөздер:** медиа, ақпараттық соғыс, коммуникация, газет, интернет, «жаңа мәдениет».

**Макулбаева А.А.<sup>1</sup>, Рафаилова Д.Т.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева

Қазақстан, Астана

e-mail: [dilnazrafailova2005@gmail.com](mailto:dilnazrafailova2005@gmail.com)

## Газет, или интернет?

### Аннотация.

Главным достижением всего мирового процветания в XXI веке является власть через доступ к информации, установление качественных коммуникаций, прокладывание пути к образованию и науке. Это позволило повысить информационную грамотность людей, так как в настоящее время большое количество информационных пространств доминируют в отравлении сознания населения. В этой статье мы выявим положительные и отрицательные последствия спора между газетой и интернетом и открыто покажем последствия и достижения, которые сегодня оказывают на общество.

**Ключевые слова:** медиа, информационная война, коммуникация, газет, интернет, " новая культура»

**Makulbayeva A.A.<sup>1</sup>, Rafailova D.T.<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>L.N.Gumilyov Eurasian National University

Kazakhstan, Astana

e-mail: [dilnazrafailova2005@gmail.com](mailto:dilnazrafailova2005@gmail.com)

## Newspapers, or the internet?

### Annotation.

The main achievement of global prosperity in the 21st century is to rule through access to information, establish high – quality communication, and open the way to education and science. This led to the first increase in information literacy of people, because today a wide variety of information spaces dominate the population's consciousness. In this article, we will identify the positive and negative effects of the conflict between the newspaper and the internet, and openly show the consequences and achievements of society today.

**Keywords:** media, information warfare, communication, newspaper, internet, "new culture"

XXI ғасырдағы медианың және БАҚ-тың жаңашылдықтары – адамзаттың коммуникациядағы ақпарат көздеріне қол жеткізуінде эволюцияның жоғары сатысына шығуы. Бүгінгі күнге дейін біздер оның жаңа жеңістері мен белестерін өткердік. Олар

алғашқы адамның пайда болуы және олардың тіршіліктегі өмір салтынан ақпараттарды қабылдауынан басталады. Нақты дәйектерге сүйенсек, дүниежүзіндегі ақпараттар «ым-ишарадан» бастап «жазуға» дейін жалғасқан. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, «жазу»

ұғымы 6000 жыл бұрын пайда болған. Оған куә болатын тарихи факторлар да аз емес-ті, мысалы, пиктография, сына жазуы, иероглиф жазуы, идеограмма, силлабикалық жазу, руна жазуы және т.б. Тарихтың кейбір толқындары жайында сыр шертетін, еліміздің жеті кереметінің бірі – Алматы облысындағы Іле өзенінің жағалауында «Таңбалы тас» ескерткіші. Ол – ұлттық өркениеттің өнер, тарих және мәдениет туындысы. Археологтердің айтуынша, мұнда 5 000-ға жуық сурет пен тибет жазуы бар [1]. *Мінекей, коммуникацияның «жазу» атты түрі осылай іске асқаннан кейін ол – дәстүрлі журналистиканың ең негізгі қаруы атанды. Өркениеттің және журналистиканың бір тармағы болған «газет» және «интернет» - қоғамның алдында тартысты талқыға түсті. Әрине, заманауи қоғамның өз таңдауы бар, әйтсе де әрбір құралдың өзіндік мәні мен тәрбиелік құндылығы түбі тереңде. Сондықтан да, осы тармақтан кейін «газет, әлде интернет?» сұрағына баға беріп, жауабымызды ұсынсақ.*

Әуелі, екі құралға да ортақ мәселелерге тоқталайық. Газет те, интернет те өз алдындағы **позитив** сипаттары: *хабарлама (ақпарат) тасу, жарнама жасау қызметін атқару және аудиторияның ақпаратқа қол жеткізе алуы.* Осыған орай, олар да белгілі бір миссияларды жүзеге асыру мүмкіндігіне ие. Оның мақсатты ұраны былай болмақ: **«жұрт назарын өзімізге аудартамыз!»**, я болмаса, **«ақпаратты айқайлап хабарлаймыз!»**. Мінекей, олардың позициялары осылай өрбіп, қоғамға белгілі бір үн тастауда. Газет пен интернеттің біріміз біліп, біріміз бейхабар болатын **негатив** жағы да бар, ол – **алдап-арбау!** Оған дәлелді Гутенберг парадоксі арқылы жеткізсек, оның нақты себебі – ақпараттық революцияның уақыт толқыныменен жүзеге асырылуы. Дәл осындай қарқында «ақпараттық шу» белең алды, яғни ол – еш күмәнсіз сену нәтижесінен туындайтын, салдарынан адам құндылығы жоқ ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алмайды. Нәтижесінде манипуляция туындап, адамдарда белгілі бір мінез-құлық қалыптасады және ХХІ ғасырдағы медиа саласындағы өзекті мәселе – бірнеше тарап

арасындағы **ақпараттық соғыс** ушыға түседі. Әрине, газет пен интернет арасындағы айырмашылық жер мен көктей, бірақ екеуі адамзаттың өркендеуінде бүгін де, ертең де елеулі рөл атқарады.

*Газет – бүгінгі ақпарат агенттікте қолданылатын құралдың ең ежелгі түрі, нақтырақ айтатын болсам, бұл ұғым ХVІ ғасырда алғаш рет Венецияда пайда болған.*[2]. Жалпы алғанда, белгілі бір мемлекеттің ғұмырында елеулі рөл атқаратынын назарға алуымыз керек, өйткені билік пен халықты байланыстыруда, оқырманға саналы түрде үн тастауда өз кезегінде жеке дара рөл атқарады. Оған дәлел ретінде қазақтың ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп айтқан афоризмін келтіре аламын. Тарихқа көз жүгіртіп көрейік, қазақ газеттерінің қазақ халқының тіршілігінде қандай рөл атқарғанын талқыға салайық. ХХ ғасырдың басында қазақ мәдениетінің дамуының жаңа мазмұны жүзеге асты. Ағартушылықты, мәдениетті, ұлттық өнегені және тәуелсіз біртұтас мемлекетке қол жеткіземіз деген жоспарды насихаттау барысында 1913 жылы 2 ақпанда «Қазақ» газетінің алғашқы басылымы жарыққа шықты. Ондағы идеялар либералды-демократиялық бағытта өрбіді. Егемендікке, біртұтас қазақ елін қалыптастырамыз деген Алаш зиялылары өз бағдарламасының жобасын ең алғаш «Қазақ» газетіне жариялады [3]. Газет мазмұнында ұлт өміріндегі, әсіресе патша өкіметінің қатаң саясатының құрбаны болып қалған қараң халықтың тіршілік салтындағы «сұрақтың жауабы болатын» жаңалықтар жазылды. Ол өз заманында қоғам үшін билік пен халықтың арасындағы «алтын көпір» саналды. Сол сәттен бастап газет ғұмыры тарихтың алпауыт оқиғаларына байланысты 1918 жылы түбегейлі жойылып, енді ұлт өмірінде рөл ойнамайтын болды. Тәуелсіз Қазақстанның өткен уақыттың тізбегін дәріптеуде «Ұлттық басылым» мерекесін мемлекеттік деңгейде тойлауды 2 ақпанға бекітті [4]. Менің пікірімше, бұл қазіргі ұрпақтар арасындағы баспа қызметінің идеясын кеңінен тануға және жаңғыртуға бағытталған, себебі, бүгінгі

күндегі баспалардың ахуалы өткен ғасырдағы «Қазақ» газетінің бейнесімен салыстыру өте қиын. Мәселен, ХХІ ғасырда кез келген газеттің «онлайн» нұсқасын кездестіру аса таңқаларлық дүние емес. Ғаламтор желісіне [www.kazgazeta.kz](http://www.kazgazeta.kz) сілтемесін енгізсеңіз кез келген газетті таба аласыз. Бұл әрекеттердің «ақ пен қара» жақтарын талдап көрсек. «Ақ» - *ақы төлеп, газеттің кезекті санының пошта арқылы келуін күтіп уақытты жоғалтпай, дәл сол кезекті санын жарияланған сәттен бастап оның ресми сілтемесіне кіре отырып хабардар болуға болады. Енді «қара» жақты мәселесіне көшсек, әрине айдан анық болатыны* *мультимедиялық журналистиканың аяқ алысы болған «тірі» газеттің құндылығын жоққа шығару.* Көз алдымызға бір бейнені елестетіп көрелік: кешкі уақытта парағының көлемі белгілі бір үлкен дүниенің ауданын алатын газетті қолына алып, көзілдірігін мұрнына ілдіріп, зейін қойып оқып отырған жан. Ол әрине, қоғамдағы және саясаттағы жаңалықтар мен хабарламалардың құндылығын түсінуге ұмтылған сөзі мәдениетті, «кеше, бүгін, ертеңін» саралай алатын оқырман ғой! Телефоннан көзінді сығырайтып оқыған мәтіннен қарағанда, сауатты болуға тәрбиелейтін, түрлі тақырыптар шеңберінде ой-шекарасын дамытуға септігін тигізетін қара ғаріппен ақ қағазға өрнектелген парақты оқу – саналы тұлғаның болмысы. Көзі қарақты, көкірегі ояу жан «газетті – оқу-білім құралы» санайды, дегенмен де әлемдік зерттеулер дәлелдегендей жағдай тым бөлек. Олар соңғы 10 жылдықта газет-журнал баспасының қызметі күрт баяулағанын мәлімдейді. Бұл сын сағаттың қадірін біздің халық бүгінгі толағай табысқа жететін, таласты пікірде жеңіп шығатын заманауи бұқаралық ақпарат құралы – интернеттің алғашқы алғышарт қадамы екенін түсінсе бұйырмас.

**Интернет** – *ақпараттық соғыстың себепкері болған, шұғыл жаңалықтарды жедел тасымалдаушы көзі атанған адамзат тарихындағы жаһандық рөлдегі құндылығы биік «жаңа мәдениет».* Осындай «мәдениет» жаңалығының енуі техникалық қаруланудан басталған болатын. Ол 1957 жылға сәйкес,

Кеңес Одағының ең алғаш жасанды Жер серігін ұшырумен аяқ алысы пайда болған. Жалпы «интернет – желілік байланыс» екендігін түсінуіміз қажет. Интернеттің «атасы» атанған есім – Л.Клейнроктың теориясы желілік байланыстардың құрылуын жүзеге асырушы болды. Әрине, бұл ғалам пайда болғандағы ең ұлы жеңіс. Қазақстан да осындай цифрлық жүйеден қалыс қалмады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін әлемге ресми түрде жеке-дара домені «kz» арқылы 1994 жылы 19 қыркүйекте танылған. Содан бері саясат та, қызмет көрсету саласы да өмірлік ұстанымдарға сәйкес виртуалды өмірде кеңінен өріс алып жатыр. Қазірде қоғамның біршама өкілдері оның «ашық жүйе» болғандығын табыс көзі ретінде де саналарына қабылдайды, өйткені ол 24/7 мерзімде лезде жаңара отырып, бір секундта миллиондаған ақпараттарды аудиторияларына «паш» еткізеді. Бұл процесс адамдардың ыңғайлы түрде ақпарат толқынында өз қызметін жүзеге асыруда ыңғайлы құрал «ғаламдық тордың (WWW)» пайда болуына алып келді. Ол өз алдына мына функциялар арқылы жүзеге асады: **«шекараның шексіздігі – 24/7 қолжетімділік – ашық жүйе – қашықтықтан тіл табысу – мультимедиялық мүмкіндік – шығындардың аз мөлшері».** Әлем халқы үшін интернеттің девизи: *«айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызу»* деп жеткізіледі. ХХІ ғасырда біз бұл «интернет» құралының құндылығын түсіндіруде кездейсоқ жағдайдың зардабын тарттық. Ол – «COVID-19» жаһандық індеті. Планетаның әрбір нүктесінде жағдай ушығып, халықтың бойында үрей қалыптасқан сәтте әлемнің өркениеті дағдарыс алдында сын сағатында қалмас үшін цивилизацияның көмегіне душар болды. Білім, кәсіп, қатынастық жүйе адамзаттың денсаулық үшін күресінде өз сатысынан төмен құлдырамауы маңызды мақсатқа алынып, лезде карантиндік жүйе енгізіле отырып, оффлайннан «онлайн» тіршілікке ауыстық. Міне, «біз және сіз» дәл осылай төрт қабырғаға қамала отырып, жеке тұлғалық дамуды жойған жоқпыз. Нәтижесінде, интернетте өмір сүрудің сапасы

мен тиімділігі артты, бірақ, бұл цифрландыру үдерісінен кейін ондағы қауіпсіздік деңдеп кетті. Оларға жеке-жеке тоқталсақ:

**1. Кибершабуылышылық.** Бәрімізге мәлім болатыны «хакерлер» ғой! Алаяқтық, жеке бас деректерін ұрлау, аккаунттарды бұзу – міне, нағыз әрекеттері. Салдарынан «фейк» ұғымының төңірегінде көптеген деректер пайда болуын тоқтатқан жоқ. «Cybercrime Magazine» мәлімдеуі бойынша 2021 жылы «бүкіләлемдік киберқауіпсіздікті нығайту» жолға қойылса, 2022 жылғы деректерге сәйкес хакерлердің саны 6 млн-ға жеткен. Бәрі газеттегі ресми «қауіпсіз» ақпараттарға қарағанда, интернетті сенімді құрал ретінде санайды. Бұл дәйектер оны шамадан тыс өзгертуі мүмкін, себебі, жалған ақпарат – қоғам өкілдерінің бағамын жоққа шығарады. Әлеуметтік желілерге көз жүгіртсек, саясаттағы, жұлдыздар әлеміндегі, билікке қатысы бар тұлғалардың жеке басына байланысты түрлі деректерді байқаймыз. Олардың 100%-ы шынайы болатынына ешкім жауап бере алмайды және де сондай жалғандарды жоққа шығару да әлдеқайла қиынырақ. *Бұлардың барлығы интернеттің қарақшылары – хакерлердің кеселі;*

**2. Жарнама.** Интернеттің әрбір сайттарына, бөлімдеріне кірсең, я болмаса өзіңе пайдалы ақпаратты іздеп отырғанда экраныңның бір шетінен жарнама шыққанын байқайсың. Ол жарнамалардың қулығы – бір сөзбен немесе тұтас бір сөйлем арқылы сенің назарыңды баурап алу. Олар мына тақырыптарда өрбуі мүмкін: *ұтыс ойыны, букмекерлік мәлішерлеме, тауар-қызмет, тегін қызмет көрсету, акциялар және т.б.* Ары қарай қолданушының әрекеті былай жүзеге асады: *сайтқа кіреді; белгілі бір тіркелу жолағын толтырады (әйтсе ары қарай кіруге мүмкіндік жоқ), ол жерде электрондық поштаны, телефон нөмірін, тіптен ЖСН-ді және картаңның нөмірін толтыруды талап етеді.* Міне, жеке-басына қатысты барлық деректер олардың қолында.

**3. Алаяқтық.** Кез келген мобильді қосымшаны қолданушыға белгілі. Әрбіреуіміздің нөмірімізге, жеке аккаунтарымызға я болмаса электронды поштамызға түрлі хабарламалар келуі мүмкін,

ал оның ерекшелігі төменде көк сілтемесі тұрады. Ол хаттар: *«Сіз ұтыс ойынына қатыстыңыз! Сіз IPHONE 13 PRO MAX жеңіп алдыңыз! Сыйлықты алу үшін төмендегі сілтемені басыңыз!»* деген мазмұнда болуы мүмкін. Бұл арқылы сіздер тозаққа түсесіздер, өйткені ол сілтеме нақты сыйлықты алуға арналмаған. Сілтеменің мақсаты құрылғыңызға вирус кіргізу немесе сізге қатысты деректерді ұрлап алу.

Интернеттің осындай тигізер қауіп-қатерлері барын есімізден шығармауымыз керек, себебі, біз пайдалы ақпарат аламыз деген мақсатпен интернетке сенімді түрде жүгінсек, ойда жоқта осындай қақпанға түсіп қалуымыз мүмкін. Иә, интернет біздің өмір салтымызды біршама жеңілдетті. Ол – бізге ыңғайлы құрал атанды, дегенмен де оның зор зиянын тигізетін пиғылына қатысты іс-шаралар бүгінде жүзеге асқанымен өз деңгейінде кибершабуылды тоқтата алмады. Осы сәтте тағы да **Қаңтар оқиғасынан** кейін болған жаңалықты айта өтсем. Қазақстанның территориясы бейбіт ғұмыр мен соғыстың арасындағы қақпаннан құтылғанда, Ресей саясаткерінің аккаунтын хакерлер бұзып, Қазақстан жайлы қисыны жоқ, болашағына қиянат келтіретін, бодандық ауыр жазба жариялады. Мінекей, сіздерге осындай дәлел. Интернетте сан мыңдаған жазба бар, соның барлығын сүзгіден өткізу үшін адамзат алдында жауапкершіліктің рөлі өте зор. Газет болса қоғамның сауаттылығы мен эстетикалық жаршысы болудан ғасыр зырлап өтсе де қапы қалмады. Технология заман талабына сай дамыса да, руханиятты сақтап қалуда, газет көзі – терең бұлақ іспеттес. Қазақ халқының ХХ ғасырдың қоғам зиялысы, Алашорда мүшесі, мемлекет қайраткері, қазақ тілі білімінің негізін салушы реформатор А.Байтұрсыновтың: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзінің құндылығы мәңгілік. Кез келген елдің беделін арттыруда таптырмас бұқаралық ақпарат құралы ол – газет.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Таңбалы петроглифтері // Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі, 2017.– 1-шығарылым. – Б. 165-169
2. <https://stud.kz/referat/show/55083>
3. <https://e-history.kz/kz/news/show/789> («Қазақстан тарихы» электрондық порталы)
4. <https://egemen.kz/article/345046-2-aqpan-ulattyq-basylym-kuni-bolyp-bekitildi>

**References**

1. Таңбалы petroglifleri // Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі, 2017.– 1-шығарылым. – Б. 165-169
2. <https://stud.kz/referat/show/55083>
3. <https://e-history.kz/kz/news/show/789> («Қазақстан тарихы» электрондық порталы)
4. <https://egemen.kz/article/345046-2-aqpan-ulattyq-basylym-kuni-bolyp-bekitildi>

**Авторлар туралы мәліметтер**

**Макулбаева Айдана Азимханқызы**

Лауазымы: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушы

Адрес: 010010 Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі 24

Ұялы телефон: 87783976989

Е-mail: [aidanamakulbayeva@gmail.com](mailto:aidanamakulbayeva@gmail.com)

**Рафаилова Дильназ Талғатқызы**

Лауазымы: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінің студенті

Пошталық меке-жайы: 010010, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, А.Пушкина көшесі 11/1

Ұялы телефон: 8-705-572-68-05

Е-mail: [dilnazrafailova2005@gmail.com](mailto:dilnazrafailova2005@gmail.com)

**Сведения об авторах**

**Макулбаева Айдана Азимханқызы**

Должность: преподаватель Евразийского Национального университета имени Л.Н.Гумилева

Адрес: 010010 Республика Казахстан, город Астана, улица К.Сатпаева 24

Сотовый телефон: 87783976989

Е-mail: [aidanamakulbayeva@gmail.com](mailto:aidanamakulbayeva@gmail.com)

**Рафаилова Дильназ Талғатқызы**

Должность: студентка факультета журналистики и политологии Евразийского Национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Почтовый адрес: 010010, Республика Казахстан, город Астана, улица А.Пушкина 11/1

Сотовый телефон: 8-705-572-68-05

Е-mail: [dilnazrafailova2005@gmail.com](mailto:dilnazrafailova2005@gmail.com)

**Information about the authors**

**Makulbayeva Aidana Azimkhankyzy**

Position: Lecturer at L.N.Gumilyov Eurasian National University

Mailing address: 010010 Republic of Kazakhstan, Astana, st. K.Satpayev 24

Mobile phone: 87783976989

Е-mail: [aidanamakulbayeva@gmail.com](mailto:aidanamakulbayeva@gmail.com)

**Rafailova Dilnaz Talgatkyzy**

Position: student of the Faculty of Journalism and Political Science of the L.N.Gumilev Eurasian National University.

Mailing address: 010010, Republic of Kazakhstan, Astana, st. A.Pushkin 11/1

Mobile phone: 8-705-572-68-05

Е-mail: [dilnazrafailova2005@gmail.com](mailto:dilnazrafailova2005@gmail.com)